

Стиль түрлері

АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ

Стиль дегеніміз-лебіздің тілдесу
үстінде сөйлеуші қойған коммуникативтік
(тілдік қарым-қатынас) мақсатқа лайық
құрылған түрі.

Стиль – сөйлеушінің, жазушының белгілі бір тақырыпқа қатысты сөз саптауы

Стиль түрлері

Ауызекі
сөйлеу стилі

Көркем
әдебиет стилі

Ғылыми
стиль

Публицистикалық
стиль

Ресми іс-
қағаздар стилі

АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ

Мәтін стильдері

Мәтін стильдері дегеніміз - қаламгердің жазу мәнері, мәтінді оқырманға жеткізу үшін қажетті тілдік тәсілдерді сұрыптап қолдануы, ой түйінін ашу тәсілі.

Қазақ әдеби тілінің бес түрлі стильдік тармақтары қалыптасқан:

- білім мен ғылым саласында-**ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ**;
- Құқықтық салдада-**ресми іс-қағаздар стилі**;
- Әдебиет пен өнерде-**көркем әдебиет стилі**;
- Бұқаралық ақпарат құралдарында-**публицистикалық стиль**;
- Тұрмыстық қарым-қатынаста-**ауызекі сөйлеу стилі**.

Стильдердің қолданылу аясы

Ғылыми стиль – ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда, ғылыми оқулықтарда қолданылады.

Ресми іс-қағаздар стилі - іс-қағаздарда, нұсқау хаттар мен кеңсе құжаттарында қолданылады.

Публицистикалық стиль - газет-журналда, жиналыстар мен митингілердегі сөздерде қолданылады.

Көркем әдебиет стилі - көркем әдеби шығармаларда қолданылады.

Ауызекі сөйлеу стилі – адамдармен еркін әңгіме кезінде қолданылады

Стильдердің ерекшелігі

Ғылыми стиль - дәлелді, зерттелген, сөзді тура мағынада алу.

Ресми іс-қағаздар стилі – ресми, анық, дәл, нақты.

Публицистикалық стиль - шақыру, үндеу, нақтылық.(мақала)

Көркем әдебиет стилі - образды, эмоционалды, экспрессивті.

Ауызекі сөйлеу стилі - сөздер мен сөз тіркестерінің еркін қолданылуы, күнделікті сөйлесу стилі

Стильдердің тілдік құралдары:

Ғылыми стильде - ғылыми терминдер жиі қолданылады. Көбіне хабарлы сөйлем болып келеді. Осы шақ, өткен шақта жиі қолданылады.

Ресми іс-қағаздар стилінде –кітаби, ресми сөздер мен тіркестер, хабарлы сөйлемдер мен даяр тіркестер мен құжат тілдері жиі қолданылады.

Публицистикалық стильде - риторикалық сұрақтар (сұраушының жауабын қажет етпеу), стильдік қайталау, антитеза(екі затты не құблысты бір-біріне қарама-қарсы қою) пайдаланылады.

Көркем әдебиет стилінде - ауыспалы мағына, көркемдік тәсілдер, суреттеме құралдары (теңеу, метафора, эпитет т.б) қолданады.

Ауызекі сөйлеу стилінде – қарапайым сөздер мен сұраулы, лепті сөйлемдер жиі қолданылады, көбінесе диалог түрінде келеді

Стиль түрлеріне қатысты мысалдар:

Емен ұзақ жылдар бойы өсе береді. Ол 1500 жылға дейін созылады. Жалпы емен жылы-сүйгіш ағаштар қатарына жатады.	Ғылыми стиль
Жәкіш қып-қызыл болып кетті. Алғашқыдағы-дай тұмсығы тершіп, қыбыжықтай берді.	Көркем әдебиет стилі
Өз қалауыммен жұмыстан босатуыңызды сұраймын.	Ресми іс –қағаз стилі
-Кеше сабаққа бардың ба? Үйге қандай тапсырма берді? -Ережелерді жаттауға берді.	Ауызекі сөйлеу стилі
9 мамыр – Жеңіс күні қарсаңында Елбасымыз-дың жарлығымен халқымыздың аяулы ұлы Рахымжан Қошқарбаевқа “Халық қаһарманы” атағы берілді.	Публицистикалық стиль

Ауызекі сөйлеу стилі

АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ

Сөйлеу тілінде күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым бейресми сөздер, бейтарап сөздермен қатар диалект сөздер, кейде тұрпайылау(дисфемизм) сөздер де кездеседі.

Ауызекі сөйлеу стиліне ерекшелік беретін тілдесу сәттері:

1. Ауызекі тілдесу адамдардың бетпе-бет кездесуі үстінде жүреді;
2. Ауызекі тілдесу адамдардың жұмыс жөнінде пікірлесуіне, ой бөлісу жөніндегі әрекетіне тікелей қызмет етеді.

Ауызекі сөзге ерекшелік беріп тұратын лексикалық тұлғалар бар. Олар:

1. Жергілікті сөздер (кәсіби сөздер, диалект сөздер) : сым, сәкі (тапшан) шиіт(мақта шаруашылығында қолданылатын сөз) т. б.
2. Қарапайым сөздер (оның ішінде, ренішке, ұрысуға байланысты сөздер де бюар): көзі ашық(сауатты), доңғал бас (мың), епсектік(икемдік) т.б.
3. Жекелеген адамдардың көпке ортақ сөздерге ерекше форма, мағына беріп өолданылуы. Мысалы:

-Әй, Рүстембай-ай, бұл көсеуді мен сәнге асынып жүр дейсің бе?
(А.Нұрманов).

Бұл жерде көсеу **МЫЛТЫҚ** мағынасында қолданылып тұр.



АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ

Ауызекі сөйлеуде:

1. Сұраулы сөйлемдер көп өолданылады;
2. Толымсыз сөйлемдер жиі қатысады. Мысалы: -Қарағым, кім келді? –Жылқышы.
3. Сөйлемдердің «Келмегенде ше! Көргенде қандай! Қайдан үлгерсін! Қайдағы пысқан!» сияқты үлгіде құрылған түрлері көп жұмсалады.
4. Сөйлемдерде қысқарып құрылған сөздер көп кездеседі: **алып-ап; келіп-кеп; келгенмін-келгем; барғанмын-барғам** т.б.
5. Бұл тілдік тұлғалар ауызекі сөздің **қысқа, эмоциялы** болып, екі, үш не одан да көп адамдардың қатысуымен **диалог** түрінде құрылуын қамтамасыз етеді.

Ауызекі сөйлеу стилінің түрлері

- 1. Дидарластық сөз (әңгімелесу, сұхбаттасу)**- екі немесе бірнеше не одан да көп адамдардың бас қосқан сұхбатында қолданылады. Сондықтан мұндай сөзге қатысатын кісілер әңгіме қызықты, әсерлі болуы үшін алдын ала дайындалып келеді.
- 2. Полемикалық (дауласу) сөз**-мүддені, пікірді қорғауда жұмсалатын лебіз. Пікір таластырушы немесе мүдделері қарсы кісілердің арасында болады.
- 3. Көпшілікке арналған сөз (баяндама, лекция).**

Көркем әдебиет стилі

АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ

Көркем әдебиет оқиғаны сурет бейнесінде баяндайды: оқиға, кейіпкердің іс-әрекеті, сөзі, мінезі, келбеті қатысып баяндалады. Оқиға болған күннің реті, жер жағдайы аталады. Мұны оқиғаның образды түрде бейнелеу дейді.

Көркем әдебиет оқиғаны баяндауда автордың (жазушының) әсерін, сезім-күйін қоса қарастырады.

Көркем әдебиеттің ерекше баяндалу мәнері-стилі қалыптасады.

Көркем әдебиет стиліне тән ерекшеліктер:

- 1. Образды сөздер , бейнелеуіш, суреттеме, көркемдегіш құралдар (теңеу, метафора, метонимия, эпитет, антитеза) мол қатысады. Мысалы: Асқақ үнді әнші сахарының, сол өнер алыбы асқақ атайдай қып, зор кеуденің алып күйін азынатып төгеді. (М. Әуезов).**
- 2. Эмоционалды-экспрессивті сөздер қатысады. Мысалы: Басқан ізінен садаға кетейін, мырза аға! Қайда ғана жүр екенісің, жалғыз жәдігерінді жааутаңдатып бізге тастап кетіп... –Салиха «аһ» ұрып күрсініп қалды. (Ш.Мұртаза).**
- 3. Мәтінге ритм, интонация әсерлілік құру үшін көп қатысады.**
- 4. Шығарма тартымды болу үшін, синоним сөздер, грамматикалық амалдар көп жұмсалады. Шылаулар, қыстырма, одағай, қаратпа сөздер көркем тілдің морфологиялық ерекшеліктері.**
- 5. Терминдер, кәсіби сөздер, диалект сөздер, көнерген сөздер қолданыла береді. Бұлар кейіпкердің ерекшелігін, ортасын, білімін, мінезін, қоғамын т.б. көрсету үшін қолданылады.**

Публицистикалық стиль

АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ

Публицистикалық стиль жұртқа үндеу, үгіт айтуда қолданылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам үшін және дәл сол кезеңде зор мәні бар мәселелер тақырып болады. Мысалы, саяси-экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер.

Үндеудің, үгіттің мақсаты-жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, жұртшылықтың (қоғамның) санасына ықпал ету.

Публицистикалық стильдің басты сипаты:

1. Публицистикалық сөз өте жинақы, тұжырымды болып құралады;
2. Сөз экспрессивті, екіпінді болады;
3. Сөз тыңдаушыларын коммуникативтік байланысқа тартатындай болып құралады;
4. Публицистикалық стильдің тақырыбы өмірдің әр саласына байланысты болғандықтан, ол тақырыбына сай ғылыми стильге, көркем әдебиет стиліне жуықтап келеді.

Публицистикалық стиль ауызша және жазбаша түрде қолданылады.

1. Публицистикалық сөз ауызекі айтылғанда, ауызекі сөйлеу стиліне тән сипаттарға да ие болады. Ол көбінесе газет, журнал, радио, теледидар арқылы беріледі.

Публицистикалық стильдің тіл ерекшеліктері

1. Экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, сөйлемдер;
2. Тақырыпқа сай терминдер, неологизмдер(жаңа сөздер);
3. Толымсыз сөйлемдер, эллипсис сөйлемдер (сөйлемнің бір мүшесін алып тастау арқылы құрылған сөз үлгісі. **Мысалы: Жау келіп қалды... – келіп қалды.** Эллипсис адамдардың бір-бірімен сөйлесу барысында, диалог түрінде көбірек қолданылады. **Мысалы: Қар көшкіні болады дейді. Қар көшкіні?);**
4. Тыңдаушылардың көңілін бұратын қаратпа сөздер, сұраулы және лепті сөйлемдер.

Осы тұлғалар публицистикалық сөзге экспрессивтік екпін, ырғақ, жинақылық бейне береді.

Ғылыми стиль

АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ

Ғылыми стиль – адамның ең озық интеллектуалдық әрекетіне қызмет етеді. Бұл адамның ғылыми ізденісінен, зерттеуінен тапқанын **ауызша немесе жазбаша** жұртқа жеткізу мақсатында қалыптасқан стиль.

Ғылыми стильдің ерекше функционалдық қызметі:

1. Ойды дәл, нақты әрі түсінікті етіп жеткізу;
2. Ойды тұжырымды түрде хабарлауға талпынады;
3. Осы талаптарға жету үшін эмоцияға, экспрессияға көп жол берілмейді.

Ғылыми стильдің тілдік көріністері

1. Ғылыми ұғымдарды дәл атайтын, соған арналған терминдер мол орын алады;
2. Процестерді, тұжырымды ойларды бір терминге келтіріп, түйіндеп айту негізгі тәсіл болады;
3. Сөзді үйреншікті, тұжырымды ету мақсатында тұрақты үлгідегі (штамп) сөйлемдер, сөз тіркестері молынан жұмсалады;
4. Сөйлемдердің мына құрылымдық түрлері көп жұмсалып, оған өзіндік ерекшелік береді:
 - a) Баяндауыштары ауыспалы осы шақ формалы етістіктен жасалады. Мысалы: Алюмений тез балқиды.
 - b) Ырықсыз етістіктен жасалған баяндауыштар көп жұмсалады. Мысалы: Бидай құнарлы жерге егіледі.

Ғылыми мәтін қатаң логикалық желімен құрылады.

Ресим іс-қағаздар стилі

АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ

Іс қағаздар дегеніміз- жеке адамның, ұжымның, фирмалардың, мекелердің атқаратын қызметіне байланысты пайда болатын жазбаша(ауызша) қарым-қатынас құралы.

Іс қағаздарының мынадай түрлері бар:

1. Әртүрлі мазмұндағы арыздар;
2. Өмірбаян;
3. Анықтама, түсінікхат, ақпар, есеп, хабарлау т.б.
4. Іс жөнінде мәлімет (хат) алысу, келісім жасасу, шешім шығару, хабарлау т.б.
5. Мекемеде өткен мәжілістердің жүрісін, шешімін баяндайтын құжат-хаттама.
6. Бұйрық. Қызметкер жөніндегі мінездемe, ұсыныс т.б.

Ресми іс-қағаздар стилінің ерекшеліктері

1. Мәтін өте жинақы құрылады.
2. Сөйлемдер, негізінен, номинативті»атауыштық), екі негізді болып келеді.
3. Сөйлемдегі сөздер базистік(негізгі) тәртіпке сай орналасады, инверсия өте сирек ұшырасады.
4. Экспрессивті сөздер қатыспайды.
5. Мәтін баяндау ретінде келеді.

Іс қағаздарының басында, соңында қағаздың жіберілу мерзімі міндетті түрде цифрмен (араб цифрларымен) көрсетіледі.